


С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Кафедра: Пульмонология

БРОНХИТ



Дайындаған: Жанболатқызы К

Факультет: Жалпы медицина

Тобы: 004-1

Тексерген: Рысбеков Е.Р

Жоспар

- I. Кіріспе

 - Бронх қабынуы туралы түсінік

- II. Негізгі бөлім

 - Классификациясы

 - Этиологиясы

 - Патогенезі

 - Клиникасы

- III. Қорытынды

 - Емі

- Пайдаланылған әдебиеттер

Бронх қабынуы туралы ТҮСІНІК

Бронхит (лат. bronchitis, от бронх + *-itis* — қабыну) - тыныс алу жүйесінің ауруы. Бронхының ісуі, әсіресе простудалық аурудан кейін пайда болуы мүмкін. Аурудың созылуы 2-3 жұмаға созылады. Бронхитпен ауырған адамның қақырығында пневмококк, стрептококк, т.б. микрoоpганизмдер болады. Бронхит, негізінен, тұмау, көкжөтел, қызылша, т.б. аурулардың салдарынан пайда болады. Ауру көктем мен күзде күшейеді.

Осы аурудың белгілері: Тамақ ауруы. Жөтел (басында құрғақ, бірнеше күннен кейін мокротамен). Жоғары температура. Әлсіздік.

Норма






Бронхит



Стенка бронха

Стенка бронха

Бронхит



Классификациясы

- Халықаралық классификация бойынша бронхиттің екі түрі бар:



Жедел – бронх ағашының шырышты қабатының диффузды қабынуымен және де жөтел мен қақырықпен көрінетін бронхиальды секреция көлемінің көбеюі



Созылмалы - ұзақ уақыт шаң-тозаң, ұлы газ жұтқаннан, темекі тартқаннан, созылмалы өкпе ауруларының әсерінен өкпеде көп уақыт қан ұйып қалуының салдарынан дамиды.

ЭТИОЛОГИЯСЫ

- Жедел бронхиттің негізгі себептеріне вирустар (грипп, парагрипп, адено-риновирустар) және бактериялар (пневмококк, стрептококк, гемофильді таяқша) жатады. Кей жағдайда саңырауқұлақтар, аллергиямен қатынас, немесе токсикалық заттармен демалу да жатады. Ең көп тараған түрі ауалы-тамшылы жол яғни, ауырған адаммен қатынаста (сөйлесу кезінде, жөтелген немесе түшкірген кездерде)

Созылмалы бронхит деп 1жылда 3айдан аса уақыт қақырықты жөтел болса және 2жыл немесе одан да көп уақыттан бері жалғасып келе жатса айта аламыз

Себептері:

Ұзақ уақыт жағымсыз заттар тітіркендірсе (шаң, әртүрлі химиялық заттар);

Респираторлы инфекция(вирустар, пневмококктар)

Ұзақ уақыт құрғақ және суық ауаның әсері

Патогенезі

Вирустар немесе химиялық физикалық әсерлер бронхтардың шырышты қабатындағы эпителиальды жасушаларды зақымдап, оларды өлімге әкеледі. Осыдан кейін бактериальды флораның бронх қабырғасына өтуіне жақсы мүмкіндік туады. Бактериальды флора тыныс жолындағы вирусқа аурудың 2-3 күндері қосылып, ары қарай қабыну микроциркуляцияның бұзылуына алып келеді. Негізінен бұл қабыну үрдісі жойылып, шырышты қабат бірнеше аптаның ішінде қалпына келеді. Кейбір науқастарда кері қайту процесі болмай созылмалы түрге ауысады. Жеңіл түрінде тек шырышты қабаты зақымдалса, ал ауыр түрі бронх қабырғасын түгел зақымдайды. Шырышты қабатта ісіну, гиперемия, шырышты-іріңді және іріңді-эксудатты болады. Ауыр формасында қан да болуы мүмкін.

- Жедел бронхит негізінен 10 күнге созылады. Басталуы суық тию мен тұмауға сәйкес болуы мүмкін немесе өздігінен еш себепсіз көрінуі мүмкін. Ауру негізінен түнгі мезгілде көп мазалайтын құрғақ жөтелден басталады. Ол артынан температураның көтерілуімен бас ауруымен шаршағыштықпен қоса көрінетін қақырықты жөтелге айналуы мүмкін. Бірақ бірнеше аптаның ішінде қалпына келеді. Тек жөтел бірнеше айға созылуы мүмкін, себебі бронх жолы қабынуының қалпына келуі-жай процесс.

- Созылмалы бронхитте сілекейлі жөтел болады, ол айларға немесе жылдарға созылады. Кейде жөтел күшейіп, ыстық көтеріледі. Осындай жөтелге шалдыққан адам, егер онда туберкулез немесе демікпе сияқты созылмалы аурулар болмаса, созылмалы бронхитпен ауыратын болуы керек
- Бұл ауру көбіне темекіні көп шегетін қарт адамдарға тән.
- Созылмалы бронхит эмфиземаға соқтыруы мүмкін, ол өте ауыр, жазылмайтын дерт, мұнда өкпенің ұсақ ауа қалташалары істен шығады. Эмфиземамен ауыратын адамдардың дем алысы ауырлайды, әсіресе жұмыс істеп, қимылдағанда қиналады, оның кеудесі үлкен қапшыққа ұқсап қалады. бөшке кеуде
- Эмфизема созылмалы демікпеден, созылмалы бронхиттен немесе темекі шегуден болуы мүмкін.

Емі



Ауру асқынған кезде жатып емделу керек, науқас жатқан бөлменің ауасы құрғақ, таза әрі жылы болуы қажет. Дәрігерлердің нұсқауымен науқастың арқасына банка, кеудесіне қыша қағазын қояды; антибиотиктер, қақырықты түсіретін дәрі-дәрмек ішу қажет және физиотерапевтік, емдік гимнастика жүргізіледі. Науқас С витаминіне және белокқа бай күшті тағамдармен тамақтанып, ащы тағамдарды, түрлі соустарды пайдаланбағаны жөн

Созылмалы бронхитті емдеу жолдары:

Темекі шегуді тоқтатыңыз.

Құрамында эфедрин немесе теofilлин бар демікпеге қарсы қолданылатын дәрілер қабылдаңыз.

Созылмалы бронхитпен ауыратын адамдар әр салқын тиіп немесе тымау болып температура көтерілген сайын ампициллин немесе тетрациклин ішуге тиіс

Егер науқас адамға қақырығын түсіру қиынға соқса, ол су буымен дем алуы керек және сонан соң оған айтылған әдістер бойынша қақырықты түсіруге көмектесіңіз.



- Емі: Төсек режимі дене қызуы түскеннен соң тағы 2-3 күнге тағайындалады.
- . Диета: Баланың тамағында сүт, өсімдік тағамдары болуы керек. Витаминге бай, құнарлы, сұйықтық жеткілікті болғаны жөн. Әсіресе мүкжидек, итмұрын тұнбасы, боржоми, лимон қосылған шай, бал аралас сүт, таңқурай қосылған шай, жалбыз беру керек.
- . Антибиотиктер, сульфаниламидтер.
- . Қақырық түсіретін дәрілер-алтей тұнбасы, мукалтин, мия түбірі, бромгексин, перкуссин. Жөтелді азайту үшін көп беруге болмайды, себебі жөтел қорғаныс реакциясы, қақырық шықпай обструкция болуы мүмкін.
- . Қыздырғыш компресс, қышамен аяққа ванна жасау.
- . В тобының витаминдері
- . Физиоөмі-УФО, калий иодидімен, эуфиллинмен кеуде клеткасына электрофорез.
- . Оттегімен демалдыру, ингаляциялар.
- . Ең жиі асқынуы-пневмония.



Пайдаланылған әдебиеттер

- Бронхит // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: В 86 томах (82 т. и 4 доп.). — СПб., 1890—1907.
- Бронхи // Малая медицинская энциклопедия (том 1, стр. 277).
- Вернер, Дэвид. Халыққа медициналық жәрдем көрсету жөніндегі (Анықтамалық). Қазақ тіліне аударғандар: Айымбетов М, Бермаханов А.—Алматы: "Демалыс", "Қазақстан", 1994— 506 бет.
- “Қазақ Энциклопедиясы”, ||-том
- Шаңырақ : Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы : Қаз.Сов.энцикл.Бас ред., 1990 ISBN 5-89800-008-9

ՀԱՅԿԱՍՏԱՆԻ ԿՈՆՍՏԻԹՅԱՆ ԿՈՄԻՏԵ

THANK YOU FOR ATTENTION!!!

